

**«6D021000 – Шетел филологиясы» мамандығы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған
Срайлова Акмарал Бердалиевнаның «Поэтикалық дискурстағы
просодикалық ерекшеліктерінің коммуникативті-прагматикалық
аспектісі (қазіргі заманғы ағылшын және қазақ поэзиясының
материалдары негізінде)» атты диссертациялық жұмысына
ПІКІР**

Диссертациялық жұмыс қазіргі тіл біліміндегі өзекті мәселелердің бірі — поэтикалық дискурстың прагматикалық және просодикалық қырларын кешенді түрде қарастыруға арналған. Зерттеу нысаны ретінде ағылшын ақыны Вэнди Коуп пен қазақ ақыны Нәзікен Алпамысқызының шығармашылығы алынып, екі тілдегі поэтикалық мәтіндердегі интонация, ырғақ, кідіріс, әуен сияқты просодикалық құралдардың коммуникативті-прагматикалық қызметі терең талданған.

Жұмыстың өзектілігі Қазақстандағы тіл білімін халықаралық деңгейге көтеруге бағытталған стратегиялық құжаттармен үндес келеді. Сонымен қатар, поэтикалық дискурсты прагмалингвистикалық тұрғыдан қарастыру — отандық тіл білімінде алғаш қолға алынып отырған маңызды ғылыми қадам.

Зерттеу барысында Акмарал Бердалиевна поэтикалық дискурсты талдауда заманауи лингвистика мен прагмалингвистиканың әдіснамалық ұстанымдарын ұштастырып, теориялық негіздерді жүйелі түрде қолданған. Жұмыста поэтикалық мәтінді коммуникативтік-прагматикалық және просодикалық тұрғыдан қарастыруға мүмкіндік беретін ғылыми қағидаттар дәйекті пайдаланылып, алынған нәтижелер кешенді талдау арқылы дәлелденген. Экспериментті-фонетикалық талдауларда PRAAT бағдарламасы арқылы осциллограмма жасалып, алынған деректер сапалы интерпретацияланған.

Диссертацияның ғылыми жаңалығы мынада:

– Поэтикалық дискурс күрделі коммуникативтік құрылым ретінде сипатталып, оның семантикалық, құрылымдық және прагматикалық ерекшеліктері айқындалды;

– Поэтикалық мәтіндегі сөйлеу актілері мен просодикалық тәсілдердің прагматикалық әлеуеті алғаш рет ағылшын және қазақ тілдерінде салыстырмалы тұрғыда талданды;

– Гезитациялық, эмоциялық және вокалданған кідірістердің экспрессивтік қызметі көрсетіліп, олардың тыңдаушы қабылдауына әсері эксперименттік түрде дәлелденді;

– Қазақ және ағылшын поэзиясының ұлттық-мәдени дәстүрлері мен фонологиялық жүйелері негізінде просодикалық ерекшеліктердің салыстырмалы типологиясы жасалды.

Сонымен бірге, жұмыстың практикалық маңызы зор. Зерттеу нәтижелері поэтикалық дискурсты талдау әдістемесін жетілдіруге, қазақ тілінің ұлттық корпустарын толықтыруға, сондай-ақ жоғары оқу орындарының филология мамандықтарына арналған арнайы курстарда қолдануға болады.

Зерттеу тақырыбы бойынша 9 ғылыми мақала жарық көрген, оның ішінде ҚР ҒЖБМ Ғылым және Жоғары Білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда 3 мақала және Scopus базасына енген халықаралық журналда 2 мақала жариялануы жұмыстың сапасы мен нәтижелілігін дәлелдейді.

Жалпы, автор диссертациялық жұмысында қойылған мақсатқа толық жеткен, зерттеу нәтижелері теориялық әрі тәжірибелік тұрғыдан құнды, ал ғылыми тұжырымдары дәлелді әрі жаңашыл. Осыған орай, А. Сраилова философия докторы (PhD) дәрежесін алуға әбден лайық деп есептеймін.

Пікір беруші:

Аймағамбетова Малика Муратовна

PhD доктор, Әл-Фараби атындағы

ҚазҰУ қауымдастырылған профессоры

